ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2024 жылғы 11 шілде Іс №7119-24-00-2/8051 Астана қаласы

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы судья А.К.Джакупов, оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібінде қозғалған электрондық азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Қазақстан Республикасы Президенті Іс басқармасының «Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігі мен Үкіметінің әкімшілік ғимараттары дирекциясы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны

ЖАУАПКЕРЛЕР:
1. «Мутанов» жеке кәсіпкері
2. Кашиатилла Дуйсенбаевна Карынбаева тұлғасындағы «Жасмина» жеке кәсіпкері

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану және біржолғы айыппұлды өндіріп алу туралы

ҚАРАР БӨЛІГІ:

Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 267-4, 223-226 баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қою арызы қанағаттандырылсын.

«Мутанов» жеке кәсіпкері мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

«Мутанов» жеке кәсіпкерінен «Қазақстан Республикасы Президенті Іс басқармасының «Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігі мен Үкіметінің әкімшілік ғимараттары дирекциясы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының пайдасына 147 180 (жүз қырық жеті мың жүз сексен) теңге мөлшерінде айыппұл және 4 416

Құжатқа қол қойылған: Джакупов А. К., 11.07.2024
Заңды күшіне енген күні: 20.08.2024, судья Джакупов А. К., 05.09.2024
7119-24-3-1/7529

(төрт мың төрт жүз он алты) теңге мөлшерінде мемлекеттік бажды төлеу бойынша сот шығыстары өндірілсін.

«Мутанов» жеке кәсіпкерінен мемлекеттік баж сомасы 1 846 (бір мың сегіз жүз қырық алты) теңге өндірілсін.

2. Кашиатилла Дуйсенбаевна Карынбаева тұлғасындағы «Жасмина» жеке кәсіпкері мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Кашиатилла Дуйсенбаевна Карынбаева тұлғасындағы «Жасмина» жеке кәсіпкерінен «Қазақстан Республикасы Президенті Іс басқармасының «Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігі мен Үкіметінің әкімшілік ғимараттары дирекциясы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының пайдасына 20 610, 50 (жиырма мың алты жүз он) теңге 50 тиын мөлшерінде айыппұл және 618 (алты жүз он сегіз) теңге мөлшерінде мемлекеттік бажды төлеу бойынша сот шығыстары өндірілсін.

Кашиатилла Дуйсенбаевна Карынбаева тұлғасындағы «Жасмина» жеке кәсіпкерінен мемлекеттік баж сомасы 1 846 (бір мың сегіз жүз қырық алты) теңге өндірілсін.

Егер жауапкер талап қоюдың келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда, ол шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмесін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы.

Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілген жағдайда, сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін тараптар және прокурор АПК-нің 403, 404-баптарының талаптарын ескере отырып, шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап бір ай ішінде Астана қаласының мамандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Астана қаласының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым, апелляциялық өтінішхат беруі мүмкін.

Судья А.К.Джакупов

Құжатқа қол қойылған: Джакупов А. К., 11.07.2024

Заңды күшіне енген күні: 20.08.2024, судья Джакупов А. К., 05.09.2024